

«Балбөбек-1» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктігі

«Бекітемін»

«Балбөбек-1» бөбекжай балабақшасы

ЖШС меңгерушісі *М.А.Абаев*



**МАД «Қызғалдақ» тобының 2024-2025 оқу жылының
музыка жоспары**

Тәрбиеші: Сексембаева.М

Білім беру ұйымы: «Балбөбек-1»бөбекжай балабақшасы»ЖШС

Топ: «Қызғалдақ » мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.
Қазан		Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту: Ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу,әннің сөздерін анық айту. Билер: Би қимылдарының элементтерін жеңіл,еркін орындау.
Қараша		Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен,оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Әннің сөздерін анық айту,орташа,қатты және ақырын дауыспен ән айту. Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.
Желтоқсан		Музыка тыңдау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Билер: Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын,ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен,ән-

Қаңтар	күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенің түсіндіру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапозонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.
Ақпан	Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу
Наурыз	Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.
Сәуір	Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипаты

Мамыр		сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру
-------	--	--